

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Білім технологиялары» кафедрасы мәжілісінің
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

24.11.2022 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы - п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаева, АК мүшелері - п.ғ.к., доцент М.Жаздықбаева, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова, аға оқытушы Э.Халилаева; жұмыс беруші өкіл, «Балдырған» балабақшсының меңгерушісі С.М.Есетова, магистрант С.А.Мирзаева, білімгер Д.Д.Жарылхасын.

Қатыспағандар:-

Күн тәртібінде

1. Бакалавр деңгейіндегі БББ ішкі аудитін ұйымдастыру.
2. Институционалдық аккредиттеудің өзіндік бағалау есебін әзірлеуге қатысу.
3. БББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
4. Бакалавр деңгейіндегі БББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау
5. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау
6. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АК төрағасы А.Жумадуллаева: Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламасы бойынша ішкі аудит ұйымдастыру. БББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру. Бакалавр деңгейіндегі БББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау. Қараша айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент М.Джаздықбаева: Бірінші мәселе бойынша, Бакалавр деңгейіндегі БББ ішкі аудитін ұйымдастырылып 6В01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6В01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларының (minor) пәндері талқыланып қарастырылды. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысындағы жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, жаңа пәндер енгізілді.

АК мүшесі, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева: Екінші мәселе бойынша, БББ әзірлеу тақырыбына семинар АК мүшелерімен бірге ZOOM бағдарламасымен онлайн ұйымдастырылды. Семинар барысында білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі компоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қоса алғанда, маманның құзыреттілік моделін, білім беру бағдарламасына сәйкес құзеттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтыды.

АК мүшесі, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова: Үшінші және төртінші мәселелер бойынша, бакалавриат- кемінде 240 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті

білім беру бағдарламасы бойынша «бакалавр» дәрежесін бере отырып, кадр даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі, БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды. Сондықтан осы мәселені ондағы пәндерді біріктіру мәселесін ақылдасып шешімін қарау керектігін айтып өтті. Білім алушылардың оқу жетістіктері-білім алушылардың оқу үрдісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білім, іскерлігі, дағдылары мен құзыреттілігі; Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек.

АК төрағасы А.Жумадуллаева: Құрметті АК мүшелері, бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар өте көп, ұжыммен бірлесіп жасаған жұмыс әрқашан оң шешімін табады деген сенімдемін.

Шешім: Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті және ББ әзірлеу тақырыбына байланысты семинар ұйымдастырылсын. Бакалавр деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдалсын. Қараша айында атқарылатын іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрайымы:

А.Жумадуллаева

А.Жумадуллаева

Хатшысы:

С.Мирзаева

С.Мирзаева